

"Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 17 қазандағы № 207 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2017 жылғы 22 ақпандағы № 68 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 наурызда № 14924 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2019 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 17 қазандағы № 207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14426 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 5 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрық тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің

аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидалары бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, белгіленген бұйрықпен келісілген жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасының пошта желілерінде белгіленген бұйрықпен келісілген жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (А.Ғ. Қожықовқа) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі бастап және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін атқарушы

А. Әжібаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
төрағасы

_____ К. Мәсімов
2017 жылғы 27 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін
атқарушының
2017 жылғы 22 ақпандағы
№ 68 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар

Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабына сәйкес әзірленген және байланыс желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асырушы органдар жедел-ізвестіру іс-шараларын (бұдан әрі – ЖІІ) және қарсы барлау іс-шараларын (бұдан әрі – ҚБІ) жүргізуі мақсатында пошта операторларына тиесілі пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы талаптарда Қазақстан Республикасының "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі, "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі, "Қарсы барлау қызметі туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы заңдарында және Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар қолданылады.

3. Пошта байланысы желілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізуді Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады.

2-тарау. Пошта желісіне қойылатын талаптар

4. Пошта операторлары пошта желісінің өндірістік объектілерінде оқшауланған болуы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 174 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10939 болып тіркелген) бекітілген, "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес келуі тиіс жеке үй-жайлар бөледі.

5. Пошта желісінің өндірістік объектілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін пошта байланысы құралдарын орналастыру және іске қосу шарттары ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органымен келісіледі.

6. Пошта операторы жаңадан салынатын немесе реконструкцияланатын өндірістік объектілерде ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін үй-жайлардың болуын көздейді.

7. Үй-жайлардың қажетті алаңы ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін орналастырылатын пошта байланысы құралдарына, персоналдың жұмыс орындарына сәйкес келуі, сондай-ақ қажетті электрмен, энергиямен және сумен жабдықталуы, технологиялық және коммуналдық-тұрмыстық қамтамасыз етілуі керек.

8. Үй-жайға кіретін есік кодты құлыппен жабылатын металдан болуы керек, үй-жайдағы терезеге үй-жайдың сыртқы жағынан тор қойылған болуы немесе ішінен жабылатын құрылғысы бар ішкі металл терезе қақпағы болуы тиіс.

Үй-жайлар күзет-өрт дабылдамасымен қамтамасыз етіледі. Үй-жайдың кірер есігі мен терезесі сыртқы жағынан бейнебақылауда болуы керек.

9. Үй-жайларда қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін ұлттық қауіпсіздік органының аумақтық бөлімшесінің қызметкерлерін пошта операторының объектілеріндегі төтенше оқиғалар (өмірге қауіпті салынымдары бар пошта жөнелтілімдері табылғаны, өрт және басқа да) туралы жедел хабардар ету қамтамасыз етіледі.

10. ЖІІ және ҚБІ жүргізуге арналған үй-жайлар ұлттық қауіпсіздік органының рұқсатынсыз пошта қызметі субъектілерінің және басқа да бөтен жеке тұлғалардың оларға рұқсатсыз кіруін болдырмайтын құралдармен жабдықталады.

11. Пошта маршруттарын жоспарлауды және жасауды пошта операторы барлық пошта жөнелтілімі ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін бөлінген үй-жайлар және ЖІІ, ҚБІ жүргізуге арналған пошта байланысының құралдары бар пошта желісінің өндірістік объектілері арқылы өтетіндей етіп жүзеге асырады.

3-тарау. Пошта байланысы құралдарына қойылатын талаптар

12. ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін пошта байланысы құралдарының техникалық құралдары мыналардан тұруы керек:

1) дербес деректер туралы ақпаратты және тіркелетін және тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды, ақпаратты оқшауланған ақпараттық жүйелерге біржақты көшіруді жүзеге асыратын аппараттық-бағдарламалық құралдар;

2) дербес деректер туралы ақпаратқа және тіркелетін және тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратқа қашықтықтан кірудің компьютерлік құралдары;

3) дербес деректерді және пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратты іздеу және өңдеу операцияларын жүзеге асыратын оқшауланған ақпараттық жүйенің аппараттық-бағдарламалық құралдары;

4) оқшауланған ақпараттық жүйенің компьютерлік жұмыстық әкімшілендіру, өңдеу, қадағалау орындары;

5) арна құрушы жабдық және байланыс желілері;

6) пошта жөнелтілімдеріндегі тыйым салынған заттар мен нәрселерді оларды ашпай-ақ анықтауға мүмкіндік беретін құралдар мен жабдық;

7) өндірістік объектілерді бейнетіркеу (бейнебақылау) жүйелері;

8) ЖІІ және ҚБІ жүргізуге арналған жабдыққа және үй-жайға рұқсатсыз кіруді шектеу құралдары.

13. ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін пошта байланысы құралдарының жабдығы осы Талаптардың 12-тармағында көрсетілген құралдардың кешенінен тұрады және ол пошта желісінің әрбір өндірістік объектісінде орналастырылады.

14. Пошта операторларының ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін пошта байланысы жабдығын, оларды өндірушіні және (немесе) жеткізушіні таңдауы жабдықтың сапасына қойылатын талаптар, техникалық қолдау, ЖІІ және ҚБІ жүргізу бойынша функционалдық мүмкіндіктер ескеріліп жүзеге асырылады.

15. ЖІІ және ҚБІ жүргізу мақсатында пошта байланысы құралдарының технологиясы:

барлық пошта жөнелтілімін ұлттық қауіпсіздік органына тексеруге беру және тексеруден кейін пошта желісіне қайтару операцияларын;

дербес деректер туралы ақпаратты және пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратты жинау және сақтау операцияларын;

дербес деректер туралы ақпаратты және қызметтерді пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратты оқшауланған ақпараттық жүйеге циклді көшіру операцияларын;

дербес деректер туралы ақпаратқа және пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратқа кіру операцияларын қамтиды.

16. ЖІІ және ҚБІ жүргізу мақсатында пошта байланысы құралдарының технологиясы ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау шараларын көздейді.

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін
атқарушының
2017 жылғы 22 ақпандағы
№ 68 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2016 жылғы 17 қазандағы
№ 207 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық

құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру іс-шараларын (бұдан әрі - ЖІІ) және қарсы барлау іс-шараларын (бұдан әрі – ҚБІ) жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

2. ЖІІ және ҚБІ жүргізу пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар ескеріліп пошта желілерінде қамтамасыз етіледі.

Жедел-ізвестіру және қарсы барлау қызметін жүзеге асырушы органдармен пошта операторларының өзара қарым-қатынасы "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы және "Қарсы барлау қызметі туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Заңдарымен және Заңмен реттеледі.

3. Байланыс желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асырушы органдар мен пошта операторлары арасындағы ЖІІ және ҚБІ ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау заңдылық, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету, тараптардың мүдделерін өзара сақтау қағидаттарына негізделеді.

4. Пошта байланысы желілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізуді Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады.

5. Пошта желісі объектілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін үй-жайларды дайындау, ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарына қабылдау-тапсыру сынақтарын өткізу, оларды пайдалануға, жауапты сақтауға беру ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органының және пошта операторының жауапты тұлғалары қол қойған құжаттармен (актілермен) расталады.

6. ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді пошта операторларымен жасалған шарттар шеңберінде аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды жеткізушілермен бірлесіп пошта операторлары қамтамасыз етеді.

7. Авария болған, ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалану режимі бұзылған жағдайда, пошта операторлары ұлттық қауіпсіздік органын хабардар ете отырып анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шұғыл шаралар қабылдайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасының пошта желілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі тәртіп

1-параграф. Қазақстан Республикасының пошта желілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезінде өзара іс-қимыл жасау

8. ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу кезінде пошта операторы:

1) ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органына осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініш (бұдан әрі – Өтініш) жібереді;

Өтінішке:

жеке тұлға үшін – жеке куәлік көшірмесі;

заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың және заңды тұлғаның құрылтай құжатының (жарғы немесе құрылтай шарты) көшірмелері;

осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша пошта қызметі туралы толтырылған сауалнама қоса беріледі.

2) өтінішті қараудың оң нәтижесі бойынша он жұмыс күні ішінде ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) әзірлейді және оны ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органымен келіседі.

Жоспарда мынадай іс-шаралар көзделеді:

пошта желісінің өндірістік объектілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін үй-жайлар бөлу және дайындау (орналасатын жері ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша анықталады); қажетті байланыс желілері мен арналарын ұйымдастыру;

ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын жеткізу және орнату, қабылдау-тапсыру сынақтарын өткізу, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органына пайдалануға беру;

рұқсатсыз кіруден қорғаудың ұйымдастыру және техникалық шараларын қабылдау.

Жоспарда қамтылатын ақпарат құпия болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органымен келісу кезінде Жоспар екі данада жасалады, екі тараптың мөрлерімен (пошта операторында болған жағдайда) бекітіледі. Бірінші данасы ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органына беріледі, екінші данасы пошта операторында сақталады;

3) пошта байланысының өндірістік объектілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін үй-жайларды, байланыс желілері мен арналарын бөлуді және дайындауды жүзеге асырады;

4) жабдық сапасына қойылатын талаптарды және оны техникалық қолдауды қамтамасыз етуді ескере отырып, ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын жеткізуді жүзеге асырады;

5) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын орнатуды, қабылдау-тапсыру сынақтарын өткізуді, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органына пайдалануға беруді жүзеге асырады;

6) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын рұқсатсыз кіруден қорғау бойынша ұйымдастыру және техникалық шаралар қабылдайды;

7) ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органына барлық қажетті компьютерлік және басқа да техникалық жабдық, қорғалған байланыс арналары, клиенттік бағдарламалық қамтамасыз ету бар жерде, жинау және сақтау жүйесіне тәулік бойы кіру мүмкіндігі бар қашықтықтан көп пайдаланылатын жұмыс орнын ұйымдастырады.

9. ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу кезінде ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органы:

1) пошта операторының Өтінішін қарайды және отыз жұмыс күні ішінде қарау нәтижелері туралы пошта операторын хабардар етеді;

2) Жоспарды қарайды және бес жұмыс күні ішінде қарау нәтижелері туралы пошта операторын хабардар етеді;

3) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын қабылдау-тапсыру сынақтарына қатысады, оларды пайдалануға қабылдайды;

4) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын рұқсатсыз кіруден қорғау бойынша шаралардың сақталуын тексереді.

10. Пошта операторының ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізуі оларды пайдалануға ресми түрде енгізген күннен бастап аяқталады.

2-параграф. ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі

11. Пошта операторы мен ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органының осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалануға енгізу актісіне қол қоюы ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалануға енгізу болып табылады.

12. ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалану кезінде ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органдары:

1) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалануды қамтамасыз етеді, жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін

жүзеге асырушы барлық мемлекеттік органның мүддесі үшін пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың дербес деректері туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді, осы мақсатта ұйымдастыру және техникалық мәселелерді шешеді;

2) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарының жұмыс істеуіне және мәліметтердің сақталуы және ЖІІ және ҚБІ жүргізу кезінде рұқсатсыз қол жеткізуді шектеу жөніндегі талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) жабдықты пайдалану барысында туындаған ақаулықтар туралы пошта операторын үш күндік мерзімде хабардар етеді.

13. ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалану кезінде пошта операторы:

1) ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалану қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді;

2) пошта желісінің өндірістік объектілерінде ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін үй-жайларға ұлттық қауіпсіздік органының тәулік бойы кіруін қамтамасыз етеді;

3) ЖІІ және ҚБІ жүргізу үшін пошта байланысы желісі мен құралдарының қажетті аппараттық, бағдарламалық, арналық және техникалық ресурстарын бөледі;

4) пошта операторының қызметтерін барлық пайдаланушыны дербес тіркеу және сәйкестендіру жүйесін іске асыруды техникалық және ұйымдастыру шараларымен қамтамасыз етеді;

5) пошта жөнелтілімдерін пайдаланушылардың дербес деректері туралы ақпаратты уақтылы жаңартып отырады;

6) пошта желісінің өндірістік объектілерінде орналасқан ЖІІ және ҚБІ жүргізу құралдарының сақталуын қамтамасыз етеді, электрмен жабдықтауды, жерге тұйықтауды, климаттық жағдайларды қоса алғанда, оларды пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасайды;

7) ЖІІ және ҚБІ жүргізу кезінде мәліметтердің сақталуы және рұқсатсыз кіруді шектеу бойынша шаралардың сақталуын қамтамасыз етеді;

8) пошта байланысы желілері мен құралдары өзгерген, жаңа жабдық енгізілген кезде ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарына қажетті өзгерістер жасалуын ұлттық қауіпсіздік органымен келісім бойынша қамтамасыз етеді;

9) техникалық құралдарды өндірушінің, авторландырылмаған пайдаланушылардың, пошта қызметі субъектілерінің және өзге де тұлғалардың рұқсатсыз кіруінен қорғауды қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру шараларының кешенін өткізеді;

10) ақпаратты қорғау құралдарын қолданып, ЖІІ және ҚБІ жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарына регламенттік және жөндеу

жұмыстарын жүргізу кезінде, пошта операторы жұмыскерлерінің және пошта операторымен шарт жасасқан жеке тұлғалардың аппараттық және бағдарламалық компоненттерге кіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының
пошта желілерінде
жедел-іздігі, қарсы барлау
іс-шараларын жүргізудің
аппараттық-бағдарламалық және
техникалық құралдарын енгізу
және пайдалану кезіндегі
өзара іс-қимыл жасау
қағидаларына 1-қосымша
Нысан

(ұлттық қауіпсіздіктің
аумақтық органы)

Өтініш

(пошта қызметі саласында қызметтер ұсынатын жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның атауы)

БСН/ЖСН _____

Жеке немесе заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекен-жайы

(жеке/заңды тұлға үшін)

атынан өкілеттігін растайтын құжат _____

негізінде әрекет ететін _____

(тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болған жағдайда))

"Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес

(пошта операторының атауын көрсету)

Тиесілі пошта желілерінде жедел-іздігі, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану туралы

осы өтінішті қарауды сұрайды.

Қоса берілетін құжаттар:

_____/басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)/

МО (ол бар болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
пошта желілерінде
жедел-іздігі, қарсы барлау
іс-шараларын жүргізудің
аппараттық-бағдарламалық және
техникалық құралдарын енгізу
және пайдалану кезіндегі
өзара іс-қимыл жасау
қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Пошта қызметі туралы сауалнама

(пошта қызметі саласында қызметтер ұсынатын жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның атауы)

1. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтері :

(көрсетілетін қызметтер түрін атап көрсету)

2. Пошта желісі: _____

(меншігіндегі немесе жалдамалы өндірістік объектілерді көрсету, олардың орналасқан мекенжайлары)

3. Көлік құралдары: _____

(пошта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде пайдаланылатын, меншігіндегі немесе жалдамалы көлікті көрсету).

_____/басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)/

МО (ол бар болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
пошта желілерінде
жедел-іздігі, қарсы барлау
іс-шараларын жүргізудің

аппараттық-бағдарламалық және
техникалық құралдарын енгізу
және пайдалану кезіндегі
өзара іс-қимыл жасау
қағидаларына 3-қосымша
Нысан

_____ 20__ жылғы "____" _____

**Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің
аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалануға енгізу
актісі**

Осы жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің
аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалануға енгізу актісін
аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарды енгізу аяқталған соң және
мына аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдар тестілік режимде
сынақтан жақсы өткен соң _____ (пошта операторының) және _____
_____ (ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органының) уәкілетті өкілдері жасады:

1. _____
2. _____
3. _____

20__ жылғы "____" _____ бастап жоғарыда көрсетілген құралдар пайдалануға
енгізілсін.

_____/пошта операторы өкілінің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол
бар болған жағдайда)/

МО (ол бар болған жағдайда)

20__ жылғы "____" _____

_____/ ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық органы өкілінің қолы,
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)/

МО (ол бар болған жағдайда)

20__ жылғы "____" _____